

ЭКОНОМИКА/2

Халық табысы экономикалық өсіммен қамтамасыз етіледі

НАЗАР/3

Жіғаны жан дүниесінің тереңінде

МЕРЕЙ/4

Одақ мүшелігіне қабылданды



Сыр бойы



№97
(19775)


Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

2 шілде /СЕЙСЕНБІ/ 2019 жыл

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІДЕ ӘЛЕУМЕТПЕН БАЙЛАНЫС

Облыс әкімі Twitter-де өз парақшасын ашты



Жаңа аймақ басшысы Қуанышбек Ысқақов Twitter әлеуметтік желісінде жеке парақшасын ашты. Бұл туралы ақпарат Facebook-тегі Қызылорда облысы әкімдігінің парақшасында жарияланды.

«Қадірлі жерлестер! Өздеріңізбен үнемі тікелей байланыста болу мақсатында Twitter әлеуметтік желісінде жеке парақшамды ашуды жөн санадым (@IskakovKD /

Ysqakov Qyanyshbek). Мен әрқашан Сіздермен конструктивті диалогқа дайынмын», – деді Қ.Ысқақов Twitter парақшасында.

БІЛІМ СЫНАҒЫ

Арман асуын алған Ақерке

Биылғы оқу жылында облыста 5755 оқушы мектеп бітірген болса, бітіруші түлектердің 4143-і ҰБТ-ға қатысты. Мамандардың айтуынша, орташа білім деңгейі өткен жылғыдан төмен емес. Оның ішінде қорытынды мемлекеттік аттестаттау нәтижелері бойынша 406 түлек "Алтын белгі", 264 түлек "Үздік аттестатқа" ие болды.

Ғазиза ӘБІЛДА.



сының білікті маманы болуды мақсат еткен. Жас түлектің бұл таңдауы бүгінгі заманның да сұранысына сай. Қазіргі білім нәтижесімен ол енді қалаған ЖОО-да білім алады.

Дарынды қыздың ата-анасы қарапайым еңбек адамдары. Дәлірек айтсақ, анасы – мұғалім, әкесі – жеке кәсіпкер. Отбасында төрт бала тәрбиеленіп отыр. Ал Ақерке олардың үшіншісі презенті.

Жалпы, аймақ тұрғындары бұл нәтижені соңғы жылдары өзімізде білім саласына жасалып отырған ерекше қолдаудың нәтижесі деп бағалайды.

Жас дарын Ақерке Өтеген "Үздік аттестат" иегері. Ол жаратылыстану бағыты бойынша биология-химия пәндерін таңдаған болатын. Яғни, медицина сала-

– Жыл бойы сынама тесттер тапсырып, жан-жақты дайындықтан өтті. Таңдау пәнім – химия, биология сабақтары бойынша Жеңіскүл Сүлейменова, Жанар Башенова апайларым күн сайын қадағалап, қажетті мәліметтердің барлығымен қамтамасыз етіп отырды. Сондықтан тест сурақтары аса қиын болған жоқ. Дайындық кезінде құрбыларым сияқты мен де жоғары нәтижеге жетуді армандалдым. Әйтсе де 139 балл аламын деп ойламаппын. Бұл көрсеткіш – менің аяулы ұстаздарымның еңбегі, ата-анамның сенімі мен қолдауы. Болашақта мен де еліме дәл осылай еңбек ететін боламын, – дейді Ақерке.

ЖӘРДЕМАҚЫ ЖӘНЕ ЖАЛАҚЫ

Шілде айы бірқатар қазақстандықтар үшін жағымды жаңалықтармен басталды. Елімізде жәрдемақы мөлшері артып, бірқатар бюджет саласы қызметкерлерінің жалақысы үстемеленіп, ең төменгі күнкөріс деңгейі көтерілді. Мұнан басқа қандай өзгерістер болатыны жайында тізбелеп көрелік.

Шілде айындағы оң өзгерістер

1. Жәрдемақы өседі. Шілденің бірінен бастап ерекше қажеттілігі бар балалардың қамқоршыларына, сондай-ақ, бала кезден бірінші топтағы мүгедектерге күтім көрсететіндерге төленетін жәрдемақы 30 пайызға көтеріледі. Қазір мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар 31183 теңге алып отырса, енгізілген өзгерістерге сәйкес оның көлемі 41 578 теңге болады. Бұл жәрдемақыны республика бойынша 95 мыңнан астам адам алады. Еңбек, әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің облыс бойынша департаментінің бөлім басшысы Айгүл Маханованың мәліметінше, мұндай көмек өңірімізде 5400 адамға тиесілі. Бір айта кетерлігі, жәрдемақыны рәсімдеу үшін Халыққа қызмет көрсету орталықтарына барудың қажеті жоқ. Жәрдемақы есептеу қандай да бір құжатсыз автоматты түрде жүргізіледі. Ол әр айдың 1-нен 15-не дейінгі аралықта төленеді.

2. Ең төменгі күнкөріс деңгейі көтеріледі. Шілде айынан бастап елімізде «Кедейлік шегінің мөлшерін анықтау туралы» бұйрыққа енгізілген өзгерістерге байланысты ол 20 пайызға ұлғайды. Яғни, кедейлік шегі ең төменгі күнкөріс деңгейінің 50 пайызынан 70 пайызға көтеріліп, 20,8 мың теңгені құрайды.

3. Полиция қызметкерлерінің жалақысы артады. Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың айтуынша, патрульдік полицияда 65 пайыз, жедел-тергеу бөлімшелерінде 55 пайыз, ал қалған санаттағылардың еңбекақысы 25 пайызға көбейеді.

4. Шілдеден бастап еліміздегі 225 мыңнан астам медицина қызметкерінің жалақысы көтеріледі. Мысалы, мейірбиенің орташа жалақысы 76 мыңнан 100 мыңға дейін, ал кіші медициналық персоналдың айлығы 48 мыңнан 64 мыңға дейін артады. Оған қоса жоғары сұранысқа ие мамандықтар бойынша дәрігерлер жалақысы да ұлғаяды.

5. ҚР Ұлттық экономика министрілігінің мәліметі бойынша республи-

кадағы 643403 бюджеттік сала қызметкерінің жалақысы артты. Олардың ішінде әлеуметтік жұмыскерлер, кітапханашылар, орманшылар, ветеринар дәрігерлер, іс жүргізушілер, аула сыпырушылары, техникалық персонал және басқа жұмысшылар бар.


6. Ұлттық банк шетелдік компанияларды бақылауға алады. Енді бұдан былай шетелдік қаржылық емес ұйымдар Қазақстанның ұлттық банкіне валюта операциялары туралы хабар беріп тұрады. Жаңашылдық «Валюта реттеу және валюталық бақылау туралы» заңға сәйкес енгізіліп отыр. Елімізде валюта операцияларын іске асыру тәртібі өзгереді. Бұл, ең алдымен, айырбастау пункттеріне қатысты болмақ. Мұндай өзгерістер резвалюта нарығында алыпсатарлыққа жол бермеуге бағытталған.

7. Ұлттық банк депозиттің жаңа түрін енгізеді. Шетел валютасын ел ішінде ұстап отыру мақсатында екінші деңгейлі банктер үшін депозиттің жаңа түрі енгізіледі. Ұлттық банктің өзінде ашуға болады. Оның мерзімі 1 ай. Ал жылдық мөлшерлемесі 0,5 пайызға дейін болады.

8. «Азаматтарға арналған үкімет» коммерциялық заңды тұлғаларды тіркейді. Шілденің бірінен бастап коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлғаларды тіркеу, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеуді «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы жүзеге асырады.

9. Жүргізуші куәлігін енді «Азаматтарға арналған үкімет» береді. 2019 жылдың 1 шілдесінен Қазақстанның ІІМ тіркеу-емтихан бөлімшелерін таратады. Бұл бөлімшенің функциясы «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына беріледі. Енді жүргізуші куәлігін алғысы келетіндерден теориялық және тәжірибелік емтиханды ХҚКО қызметкері қабылдайды.

«СБ» ақпарат.



Басқарма төрағасын қабылдады

Қазақстан Президенті «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ басқарма төрағасы Сауат Мыңбаевты қабылдады.

Мемлекет басшысына темір жол көлігі саласының қазіргі даму жағдайы және келешегі туралы ақпарат берілді.

Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің көлік-логистикалық әлеуетін арттыру, экспорт және транзит тасымалдарын ұлғайту, көлік қызметінің сапасын жақсарту қажеттігіне назар аударды.

Сауат Мыңбаев Түркістан облысы Арыс қаласындағы төтенше жағдай кезінде жолаушылар мен жүк тасымалдарын ұйымдастыру жөніндегі қабылданған шаралар туралы баяндады. Сонымен қатар, «ҚТЖ» ҰК» АҚ басшысы контейнерлік тасымалдар саласындағы жағдай, жолаушыларға қызмет көрсетуді жақсарту үшін жүргізіліп жатқан жұмыстар, операциялық іріктелерді азайту туралы мәлімет берді.

Кездесу қорытындысы бойынша Қазақстан Президенті бірқатар нақты тапсырма берді.

Көңіл айту жеделхатын жолдады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинге көңіл айту жеделхатын жолдады.

Мемлекет басшысы Иркутск облысындағы су тасқыны салдарынан адамдардың қайтыс болуына байланысты көңіл айтты.

«Иркутск облысындағы су тасқыны салдарынан елді мекендердің қирағаны және адамдардың қайғылы қазаға ұшырағаны жөніндегі хабарды зор күйзеліспен қабылдадым. Қазақстан халқының және жеке өзімнің атыман қаза болғандардың жақындары мен туыстарына көңіл айтамын және олардың қайғысына ортақ екенімізді жеткізуді сұраймын. Барлық зардап шеккендердің тезірек сауығып кетуіне тілектеспін», – делінген жеделхатта.

Күн райы қалай құбылады?

Шілде аптап ыстық боларын ә дегеннен байқағты. Дала қарғаның миы қайнайтындай қапырық. Температура +47°С. Бірақ, бұл – уақытша ғана. Дабылды ескерту берілді. Бүгіннен бастап күн құрты қубылады.

Айдана ЖУМАДИНОВА.

Кеше ауа температурасы тым жоғарылап, жауын-шашынсыз ауа райы байқалды. Алдын ала хабарланғандай, облыстың кей аумағында солтүстік-шығыстан, шығыстан күші 15-20 м/с жел соқты. Иран аймағынан жылжыған жылы ауа массасының әсерінен ауа температурасы +47°С-қа бір-ақ жетті. Айтпақшы, бірнеше күн бұрын әлеуметтік желіде «60°С-ыстықта қызылордалықтар бауырсақты отсыз пісіргендігі» туралы бейнеролик тараған

еді. Бірақ, мамандарға арнайы хабарласқанымызда бұл шындыққа жанаспайтын ақпарат екенін алға тартты.

«Қазгидромет» РМҚ Қызылорда облысы бойынша филиалының хабарлауынша, алдағы күндері атмосфералық фронттардың өтуіне байланысты тұрақсыз ауа райы байқалмақ. Сынап бағанасы +47°С-тан +30+35°С-қа және солтүстік аудандарда 25°С-қа дейін төмендеп, қатты жел тұрып, найзағай ойнап, жаңбыр жауады. Тіпті



бұршақ жаууы ықтимал. Ал апта соңында жауын-шашынсыз ауа райы байқалып, ауа температурасы 35-40 градусқа ыстыққа дейін көтерілемек. Алдын ала болжам былай дейді:

шілде айында орташа айлық ауа температурасы 27-29°С болса, солтүстіктегі Қазалы, Аралдан өзге аудандарда температура мөлшерден 1°С-қа жоғары болмақ. Ал жауын-шашын әдеттегідей аз жауады.

Күн райы ауыл шаруашылығы саласына қаншалықты әсер етеді? Сала мамандарының айтуынша, күннің қатты ысуы дақылдардың пісіп-жетілуіне жақсы. Маусымның 20-нан бастап күздік бидай жиналғаны белгілі, ал шілденің 5-6-нан бастап жаздық бидайға орақ түседі. Ал күрші дәл осы мезгілде түптеңіп, түтікке шыққан. Енді қауызына дән байлайды. Ауа температурасының жоғарылауы осы бидай, сұлы, арпа, күрші сынды дақылдардың өсіп-жетілуіне айтарлықтай оң

әсерін тигізбек. Ал шіліңгіршілдедегі жауынның жөні басқа. «Жауын жауса, қауын-қарбыз сынды бақша дақылдары күн-күйіп, құрап қалуы мүмкін» дейді мамандар.

Дәл қазір ел арасында «Отан оттан да ыстық, Қызылорда одан да ыстық» деген мәні өзгерген «мақал» пайда болды. Рас, бұл тұрғындардың Қызылордада күн күйіп тұрғанда «тауып» айтқан сөзі. Ал, адамдар бұл аптапта қалай қорғану керек? №3 қалалық емханадағы жедел жәрдем бөлімінің меңгерушісі Жұлдызай Әбдірейілова күн сәулесі бактерияларды жойып, тері ауруларының жазылуына сеп болғанымен, жүрек-қан тамыры ауруымен ауыратын науқастар абай болуы керек дейді. Гелиотера-

пия (күн ваннасы) пайдалы, алайда көк тамыр склерозы, гипертониялық аурулармен ауыратындарға және орталық жүйке жүйесінің негізгі ауруларына шалдыққан адамдарға күн астында қыздырылуға болмайды екен. Сондай-ақ, бір ескеруі – күн ыстықтағы тамақтану мәселесі. Әдетте, ернін кезеріп, бас айналып, шөлдірет кеткенде бас айналып, шөлдірет кеткенде тымнымыз бар. Бірақ мамандар суық су асқазанның кілегей қабатын тітіркендіріп, астың шалдықтыруына дейді. Айтқандай, асқа тоып алған соң, суға түсуге де тыйым салынады. Мұндайда жүйке талшықтары тітіркеніп, асқорыту жүйесі бұзылып, түрлі аурудың пайда болу қаупі бар.

БІРІНШІ БАҒЫТ. Халықтың табысын арттыру.

Тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы ғана бұл мәселені шешуге болады. Ең алдымен, өсім бізге не үшін қажет екенін терең түсінуіміз керек. Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, енбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуаныш, мақтан тұту үшін Экономикалық өсім болуы тиіс.

Таяу арада Үкіметтің кеңейтілген отырысында біз еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған нақты міндеттерді айқындаймыз.

(Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінен).

Халық табысы экономикалық өсіммен қамтамасыз етіледі

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Президенті қызметіне ресми кірісу рәсімінде сөйлеген сөзінде ел дамуының негізгі 10 бағытын белгілеп, халықтың табысын арттыру үшін тұрақты және қарқынды экономикалық өсім арқылы бұл мәселені шешуге болатынын атап көрсеткен болатын.

«Азаматтарымыз өз елінде алаңсыз өмір сүріп, енбек етіп, ұрпағын тәрбиелеп, халқымыздың жетістіктеріне бірге қуанып, мақтан тұту үшін экономикалық өсім артуы тиіс», – деп атап көрсеткен еді Мемлекет басшысы.

Жаһанлану үдерісі кезінде Қазақстан экономикасының өсімі көп жағдайларда сыртқы факторларға байланысты болады. Ал сыртқы жағдайлар, өкінішке орай, құбылмалы. Осыны ескерген Қазақстан Президенті ішкі мүмкіндіктерге айрықша назар аударып отыр. Экономикада ішкі тұтыну көлемінің артуы өсімнің негізгі болып табылады. Ал егер ішкі тұтыну мемлекеттік қолдаумен бірге нәтижелі жұмыспен қамту деңгейінің өсуіне қарай артатын болса, жетістік мүмкіндігіне қосымша жол ашылады. Бұл орайда Қазақстан билігінде дәйекті сабақтастықтың жалғасып келе жатқанын атап көрсетуге болады.

Сарапшылардың пікірінше, соңғы уақытта жұмыспен қамтуы қамтамасыз ету азаматтардың табысының өсуіне ықпал жасады. Бұл өмір сүру сапасын арттыруға тікелей әсер етеді. Жұмыспен қамту аз қамтылған отбасылардың санын азайтып, мемлекеттің қолдауын жаңа сапалық деңгейге көтереді. Қазіргі таңда Қазақстанда осы бағытта «Енбек» мемлекеттік бағдарламасы жүзеге асырыла бастады. Өткен жылы бағдарлама аясында Қазақстанда 628 мың адам енбекпен қамтылды. 14 мыңнан астам ел тұрғыны микрокредит алды. Олардың ішінде 10 мыңға жуығы өз кәсіптерін алғаш ашқан жұмыссыздар болатын.

Үстіміздегі жылы Елбасының тапсырмасымен бағдарлама «Жастар – ел тірегі» жалпұлттық жоспармен толықтырылды. Алдағы үш жыл ішінде жаңартылған оқу орындарының базасында ең сұранысқа ие деген 100 мамандық бойынша 200 мың жас маман даярланатын болады.

Ауылдық жерлерде көпбалалы отбасыларына бизнес идеялар бойынша мемлекет тарапынан гранттар бөлінуде. Оған көптеген жеңілдетілген микрокредит беру квоталарын қосыңыз. Қазірдің өзінде Қазақстанда 15 мың көпбалалы отбасы өз ісімен айналысып, табысын арттыруға мүмкіндік алды.

Экономикадағы ішкі тұтыну мөлшерінің артуы дегенде Мемлекет басшысының тапсыруы бойынша әлеуметтік атаулы көмек берудің жай-күйіне арнайы тоқталмаса болмайды. Қазірдің өзінде 277 мың отбасын қамтитын 1,3 млн адамға әлеуметтік көмек берілді. Олардың орташа мөлшері 105 мың теңгені құрады.

Өрине, мемлекет тарапынан беріліп жатқан көмектің көлемі ауқымды. Қажет десеніз, миллиардтаған теңге қазіргі таңда тұтыну рыногына теріс ық-

палын жасап, инфляция үдерісін тудырып жатқанын жасыруға болмайды. Сондықтан Мемлекет басшысы бұл орайда халықтың масылдық пиғылдан арылып, нақты енбек етуге деген ынтықсыз арттыруы маңызды екенін әрдайым назардан тыс қалдырмау керек екенін атап көрсетіп келеді.

Жоғарыда айтқандай, әлемдік экономикадағы жағдай біршама күрделілігімен сипатталады. Біз қаншалықты оған дайынбыз? Міне, бүгінгі күннің басты жауабы осы сауалға қатысты болып тұр.

Жаһанлану әлемдегі үлкен державалардың өзара сауда қырқысы сарапшылардың болжауы бойынша 2019-2020 жылдары әлемде 1,5 трлн АҚШ долларының жоғалуына әсер етеді. Оның үстіне, Қазақстанның бюджет табысы көбіне-көп мұнай-газ кешеніндегі жағдайға байланысты болады.

Саясатта, экономикада әдетте болжам айтуы оншалықты қалай бермейді. Бірақ өмір заңдылығы басқаша. Қаласаң да қаламасаң да болжам айтуға тура келеді. Себебі өмір бір орында тұрмайды. Ол өзгереді, күткендегіден басқа сипатта дамиды.

Әлем сарапшыларының пікірінше, 2022 жылы әлем экономикасының көлемі біршама өседі. Бүгінгі жаһандық экономиканың танылған қосбасысы АҚШ-тың орнын Қытай Халық Республикасы алатын болады. 2030 жылы Аспан асты елі экономикасының құны нарықтағы айырбас бағамы бойынша бәсекелестерінен бірнеше есе артады.

2050 жылы Үндістан экономикасының дамуы АҚШ-тан асып түсіп, рынок көлемі бойынша дүние жүзінде екінші орынды ойып алады. Қазір экономикалық дамуы тұрғысынан «жас айдаһарлардың» қатарына қосылып келе жатқан Индонезия әлемдік экономикалық даму бойғесінде Жапония мен Германияны артқа тастап, төртінші орынды иеленеді. Сарапшылардың болжамы бойынша, 2050 жылы жаһандық ІЖӨ-дегі Еуроодақ елдерінің үлесі 10 проценттен де төмендейтін болады. Халықаралық валюта қорының жаһандық болжамына сәйкес, 2020 жылы әлемдік несие-қаржы саясатының күрделенуіне байланысты дүниежүзілік экономиканың даму қарқыны күрт тежеледі. Жаһандық қаржы жүйесіндегі төрттің қатаңдауы, саудадағы келіспеушіліктің артуы, жең ұшынан жалғасу және геосаясаттағы толқулар әлемдік экономиканың дамуына кері әсерін тигізеді.

Сарапшылар әлемдік ішкі жалпы өнімнің 85 процентін құрайтын дүние жүзіндегі 32 ірі экономикаға сараптама жасаған.

Жуырда «Егемен Қазақстанда» келтірілген деректерге сүйенсек, қазіргі таңда ел экономикасы әлемдік экономикаға ба-рыныша кірігіп кеткен. Басқасын

былай қойғанда, оны еліміздің экономикасында біршама жедел дамып отырған төртінші өнеркәсіптік революция тетіктерінен де айқын аңғаруға болады. Бүгінде қазақстандық экономиканың қай саласын алып қарасаңыз да цифрлы технология мен электронды сауда жан-жақты даму баспалдағына ден қойғанын байқаймыз. Мемлекет басшысы жариялаған Қазақстанның Үшінші жаңғыруы ел Үкіметінің жұмысын жана экономикалық және әлеуметтік даму моделімен тығыз байланыстыра жүргізуге үндейді. Сонымен бірге Үшінші жаңғыру экономикамыздың барлық саласында технологиялық жаңғыруларды арттыруға, жеке кәсіпкерлікті дамытуға, жаһандық даму үрдісінде еліміздің бәсекелестігін арттыруға бағдар береді.

2018 жылдың қорытындысы бойынша елімізде ІЖӨ өсімі 2014-2016 жылдардағы (2,2%) орташа жылдық даму деңгейінен екі есе артып, 4 процентті құрады. Соңғы деректер бойынша 2019 жылдың алғашқы айларындағы көрсеткіштер өсу деңгейде қалыптасып отыр. Жоғарыда айтқан ішкі тұтынуға қатысты өсімнің жыл аяғына дейін айқын сезілетін күні де таяу қалды. Міне, осындай даму үрдісінде Қазақстан экономикасы үшін туындайтын қатерлердің бірі банк секторында орын алған проблемалар болуы әбден мүмкін.

Ғасырлар тоғысында пайда болған заманауи технологиялар біздің өмірімізді барлық қырларынан өзгертуге дайын. Соңғы жылдарда қоғамымыздың барлық саласын қамтыған жанды интелект, блокчейн, 3D баспа, роботандыру және басқа да инновациялық жаңғырулар адам-дарға келетін міндеттерді шешумен қатар, жана мамандықтарды игеріп, өмірлерін өзгертуге әкеліп соғуда. Бүкіләлемдік экономикалық форумның зерттеулеріне сәйкес, 2020 жылы жана технологиялар 5 миллионнан астам жұмыс орын жоятын болады. Дүниежүзілік банктің бағалауы бойынша, жақын арадағы жиырма жылдың ішінде ЭЫДҰ елдерінде жұмыс орындарының 57 проценті автоматтандырылады. Бұл өз кезегінде мыңдаған адамдардың жұмыс орындарынан айырылып, жұмыссыздықтың өсуіне әкелуі мүмкін. Қытай қызмет көрсету саласына роботтар сату көлемін 2020 жылдары 4,6 миллиард АҚШ долларына дейін арттыруды көздеп отыр. Сөйтіп енбек қымбаттап, технология арзандатады.

Міне, әлемдегі экономиканың бүгінгі даму сипаты осындай. Сарапшылардың болжамы бойынша Қазақстан экономикасының өсімі 2020 жылы 4,5 процент өседі деген болжамдар айтылуда. Ал оған әлемде экономика тұрақты болса, Қазақстанда ішкі тұтынумен бірге халықты нәтижелі жұмыспен қамтудың айтарлықтай әсері болуы тиіс екенін айтады сарапшылар.

Ж.ӘЛМАХАН.

Өңірлік дамудың жаңа аспектілері

Соңғы жылдары көмірсутегі шикізатын өндірудің төмендегеніне қарамастан, өңірде экономикалық ахуал тұрақты сақталып келеді. Өңірдегі сан түрлі саланың даму жолын жетілдіріп, тиімді нәтижеге қол жеткізу бағытында кешенді жұмыстар атқарылууда.

Облыс әкімдігінің бастамасымен өңірдің әлеуметтік-экономикалық жағдайын арттыруды көздейтін өзекті мәселелер республикалық деңгейде талқыланды. Ондағы мақсат – мұнай-газ, су шаруашылығы салаларындағы, инженерлік инфрақұрылымды дамытудағы және тағы басқалай салалардағы қордаланған мәселелерді шешу.

Мәселен, мұнай-газ саласында «Оңтүстік Торғай», «Сарысу» және «Сырдария» шөгінді бассейндерінде геологиялық жер-қойнауын зерттеу жұмыстарын жүргізу ұсынылды.

Бұл мұнай қоры көздерін айқындап, мұнай-газ саласындағы жағдайды тұрақтандыруға мүмкіндік береді.

Осы саладағы тағы бір күрделі мәселе – облыстағы жер қойнауын пайдаланушыларға ішкі нарыққа мұнай жеткізу ауыртпалығын төмендету мәселесін де қарастыру ұсынылды. Бұл шара олардың қаржылық жағдайын жақсартуға ықпал етпек. Ал, Байқоңыр кешенінде «Арнайы экономикалық аймақ құру» жобасы әлемдік деңгейдегі инфрақұрылым, туристік нысандарды дамытуға мүмкіндік бермек.

Қызылорда қаласындағы «Жылу Электр Орталығына» қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізіп, осылайша қолданыстағы жылу қуаттылықтарын толық жанарту ұсынылды. Сонымен қатар, облыстың 3 аудан орталығы мен 7 елді мекенді табиғи газ пайдалануға қосу, 15 елді мекендегі және Байқоңыр қаласындағы сумен жабдықтау жүйелерін жақсарту мәселесі де енгізілді.

Су шаруашылығы саласында – «Көк арал бөгетін сақтау және Сырдария өзені-

нің сағасын қалпына келтіру», «Қызылорда су торабын реконструкциялау», «Күміскеткен» және «Қараөзек» су қоймаларының құрылысы» сияқты ірі жобаларды республикалық бюджет қаржысы есебінен жүзеге асыру ұсынылды.

Осы мәселелер бойынша «Қызылорда облысының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2019-2022 жылдарға арналған кешенді жоспары» әзірленіп, ағымдағы жылдың маусым айында бекітілді.

Осыған дейін кешенді жоспар тек Нұр-Сұлтан қаласында, Солтүстік Қазақстан және Түркістан облыстарында ғана қабылдана, төртінші болып Қызылорда облысы бойынша бекітілді. Яғни, өңір үшін құжаттың маңыздылығы өте зор.

119 іс-шараны жүзеге асыруды көздейтін Кешенді жоспар бойынша бүгінде орталық мемлекеттік органдармен жұмыстар басталды.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы.

Ынтымақтастық меморандумы ертеңгі мамандар үшін жақсы мүмкіндік

Облыс орталығындағы жоғары және арнаулы-орта оқу орындарында қаржы-экономика саласы мамандықтары бойынша оқып жатқан жастар аз емес. Келешекте олардың барлығы бірдей мемлекеттік қызметке орналаса бермейтіні анық. Кейбіреулері бизнеске кетсе, енді бірі мемлекеттік немесе жеке кәсіпорындарда экономист, есепші болуы мүмкін. Олардың арасынан салық және кеден органдарына жұмысқа тұрғысы келетіндер де шығады. Олар үшін салық заңдылықтарының, салық төлеу жүйесінің қалай жұмыс істей жатқанын қазіргі кезден бастап біле бергенінің пайдасы болмаса зияны жоқ. Бұл, әсіресе, салық органдарында қызмет етіп жатқан мамандарды алмастыратын жастар үшін өте маңызды. Олар салық жұмыс тәртібімен жақын танысатын болады.

Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.

Облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басшысы Ғалымжан Орын облыс орталығындағы жоғары және арнаулы-орта оқу орындары басшыларымен кездесудің осындай ойын жеткізді. Бұл кездесудің басты мақсаты – облыстық мемлекеттік кірістер департаменті мен жоғары, арнаулы-орта оқу орындары басшыларымен өзара әрекет ету және ынтымақтастық бойынша меморандумға қол қою болатын.

Кездесу барысында департамент басшысы болжамдалған кіріс көздері бойынша салықтық және басқа да міндетті төлемдердің бюджетке түсуін қамтамасыз ету басты міндет екенін атап өтті. Соңғы 5 айда мемлекеттік бюджетке барлығы 70 млрд 310 млн теңге өндірілген. Межеленген жоспар 59 млрд 209 млн теңге болса, жоғарыдағы көрсеткіш жоспардың 118,7%-ке немесе 11 млрд 101 млн теңгеге артық орындалғанын көрсетіп тұр. Бұл бір жағынан облыс тұрғындарының салық сауаттылығы мен мәдениетінің жоғарылағанын дәлелдесе, екінші жағынан департамент қызметкерлерінің салық және кеден заңнамаларын түсіндіру жұмыстарының нәтижесі.

– Салық төлемдерінің толық жиналуы – мемлекеттің өз міндеттерін толық орындауға мүмкіндік береді. Жиналған қаржы бірінші кезекте ұстаздардың,



дәрігерлердің жалақысына және зейнетақыға жұмсалатыны белгілі. Сондықтан мемлекеттік кірістер органы үшін салықты уақытты төлеуге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу – басты міндеттердің бірі. Ал, осы іске сіздер де атсалысып жатсаңыздар, ол нұр үстіне нұр болар еді, – деген Ғалымжан Қалдықозұлы ынтымақтастық меморандумы аясында студент жастар үшін көптеген шаралар белгіленіп отырғанына назар аударды.

Мәселен, олар кірістер органдарының жұмыс тәртібімен танысып, кәсіби тәжірибе алады. Студенттер ғылыми және тәжірибелік жұмыстарына қатысты салықтық және кедендік заңнамалардың қажетті материалдарымен қамтамасыз етіледі. Кірістер органдарының ақпараттық жүйесімен, салық басқармалары мен кеден бекеттерінің тыныс-тіршілігімен танысады. Салық есепшіліктері мен өтініштерді толтыру тәртібін үйренеді. Олардың осы бағыттағы білімдерін көтеру мақсатында дөңгелек үстелдер, семинарлар және тағы басқалар ұйымдастырылып жүрді. Салық төлеушілерге қатысушылар мен салық төлеушілерге заңдағы өзгерістерді түсіндіретін буклеттер таратуға атсалысады. Сол секілді

жоғары оқу орындары және колледж студенттерінің қатысуымен ірі сауда орындары мен базарларда кәсіптік қызметпен айналысатын салық төлеушілерге салық заңнамалары мен нормаларын түсіндіру, қызметтер мен тауарлар сатылғанда физикалық чек беру жөнінде түіндірме жұмыстарын жүргізу жоспарланған.

Сөз соңында департамент басшысы тәжірибеден өту кезінде жауаптылық пен белсенділік көрсеткен студенттердің мемлекеттік кірістер органдары мен басқа да салаларға жұмысқа орналасуына заң шеңберінде қолдау көрсетілетінін жеткізді. Кездесуде келген жоғары және арнаулы-орта оқу орындарының басшылары меморандумда көрсетілген шараларды бірлесіп атқаратындықтарын айтты. Мұнан соң меморандумға Ғ.Орын және Қорқыт ата атындағы КМУ ректорының міндетін атқарушы Бақытхан Әбдіқаримов, «Болашақ» университетінің ректоры Қуаныш Дәуренбеков, Қазақ гуманитарлық заң және техникалық жоғары колледж директорының міндетін атқарушы Канат Ақпанов, Қызылорда инженерлік-техникалық колледж директоры Иса Жетербаев қол қойды.

Сала жұмысы серпінді

А.Токмағанбетов атындағы мәдениет үйінде облыстық білім басқармасының басшысы Майра Мелдәбекованың есеп беру жиыны өтті. Онда басқарма басшысы бүгінгі таңдағы білім саласының даму барысын таразылай келіп, заман талабына сай мамандар даярлау мәселесіндегі басым бағыттарға тоқталды. Жалпы, мектепке дейінгі тәрбие, орта білім, кәсіптік және техникалық білім беру деңгейі, салада сыйбалас жемқорлықтың алдын алу, әлеуметтік қолдау шаралары сияқты жұмыстар жан-жақты қамтылды. Айта кетейік, биылғы ҰБТ - та қатысу деңгейі жоғары, ал орташа білім деңгейі өткен жылғы нәтижеден төмен емес.

Ғазиза ӘБІЛДА.

байқағанымыз, жыл сайын оқушылар саны артып келеді. Сол себепті, «Саяхат» шағын ауданында жаңа мектеп ғимаратының құрылысы басталса, кейбір орта білім беру ұйымдарына қосымша ғимарат салу қарастырылып отыр. Ал, И.Әбдіқаримов атындағы Қызылорда аграрлы-техникалық жоғары колледжінің директоры Ибадулла Құттықожаев колледждер бойынша білім беру сапасын жақсарту, осы орайда дуальді оқытудың мүмкіндігін кеңейту бағытындағы ұсыныстарын ортаға салды.

Педагогикалық шеберлік орталығы филиалының директоры София Камалова жаңартылған білім беру мазмұны, критериялды бағалау жүйесі бойынша хабар-

лама жасап, тәжірибеге енгізілген бағалау жүйесін ата-аналарға жан-жақты түсіндіріп өтті. Сондай-ақ, «Bilim Foundation» қоғамдық қорының аймақтық өкілдігінің басшысы Сымбат Әбдрахманова ата-аналарға психологиялық кеңес берді. Қаладағы Ә.Мүсілімов атындағы №101 мектептің қамқоршылық кеңесінің мүшесі Жарасбек Жүтебаев мектептер жанындағы кеңес жұмысы бойынша өз тәжірибесін бөлісті.

Жиынға қатысушылар жаңа мектеп құрылысын салу, жеке мектеп ашу, дарынды балаларды қолдау шаралары, жоғары оқу орындарына облыс әкімінің гранты есебінен оқу мәселелерін талқылады.



Одақ мүшелігіне қабылданды

Кәсіби мереке аясында бірқатар әріптестеріміз Қазақстан Журналистер одағына мүшелікке қабылданды. Шараға ҚР Журналистер одағы облыстық филиалының төрағасы Аманжол Оңғарбаев, «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ержан Байтілес, облыстық «Сыр бойы» газетінің бас редакторы Қуат Шарабидинов қатысты.

Дәулет ҚЫРДАН.



мұндай көретін, халықтың қамын ойлаған, әріптестер. Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлы айтқандай, халықтың көзі, тілі һәм құлағы ретінде атқарып жүрген еңбектеріңіз жана берсін. Қаламдарыңыз қуатты, күндеріңіз шуақты болғай. Бүгінгі мүшелікке қабылданған азаматтар Сыр журналистикасына жаңа леп, жана толқын әкелетініне сенеміз, – деді ол.

Шарада облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Гүлмира Ділабекова мен «Қызылорда-динские вести» газетінің бөлім меңгерушісі Қазбек Ботаев, «Qyzylorda» телеарнасының аға редакторы Бақыт Қалдыбаева, Қызылорда қоғамдық телеарнасының аға редакторы Баян Құлтанова, «Жалаған жарысы» газетінің бөлім меңгерушісі Нұрсұлтан Қазбеков, республикалық қоғамдық-саяси тәуелсіз апталық «Халық» газетінің дизайнері Айнур Үмбетоваға ҚР Журналистер одағының Құрмет грамотасы табысталды.

Биыл мүшелікке қабылданғандардың дені жастар. Олардың қатарында «Сыр бойы» газетінің тілшісі Ержан Қожасов, «Ақмешіт апталығы» газетінің тілшісі Биболат Сәтжанов, Әсел Абзал, сондай-ақ, қазалылық Гүлдәрі Иманалиева мен Тенге Бакбергеновалар бар.

Одақ қатарына қабылдау облыстық «Сыр бойы» газетінің 90 жылдығымен де тұспа-тұс келіп отыр. Еңбектеріңіз еленіп, қашан да абырой биігінен көріне бергейсіздер, – деді облыстық филиал төрағасы Аманжол Оңғарбаев.

Шарада «Nur Otan» партиясы облыстық филиалы төрағасының орынбасары Ержан Байтілес журналистер қауымын мерекемен құттықтап, шығармашылық табыс тіледі. – Өзгенің мұңын өз

– Бұл – жылдағы дәстүрге айналған шара. Қалам ұстап, қасиетті мамандықтың бел ортасында жүрген жандарды

ОЙТОЛҒАҚ

Ерін сыйлаған әйел елге жағады

Пианинода жақсы ойнайтын мұзыканттан: «Күніне қанша уақыт дайындық жасайсыз?» деп сұрасаныз, ол «тоғыз сағат жаттығамын» дейді. Ал мықты отбасы болу үшін қанша уақыт шыдамдылық пен төзім керек екенін өзіңіз-ақ тошылай беріңіз. Бұл мысалды неліктен айтып отыр деменіз. Себебі, қазіргі күні отбасы құндылығы деген ұғымның тереңдігіне бойлай алмай жүрміз. Әсіресе жастардың бұл мәселеге келгенде түсінігі тіпті бөлек. Әрине, бәрі бірдей емес. Десе де, бүгінгі боямасыз өмір соны дәлелдеп отырғандай.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА.

дағы жауапкершілікті өз мойнына артып алып, енді қалай «отбасының берекесін келтіремін» деп шарқ ұрып жүрген әйелдеріміз жоқ емес. Міне, бүгінгі қоғамда ер мен әйелдің қызметі ауысып, оның салдары отбасы құндылығының төмендеуіне әсерін тигізуде. Көпке топырақ шашудан аулақпыз. Алайда, бұрынғы кезде шаңырақта орын алатын ыдыс-аяқтың «сылдыры» асудан аспайтын болса, ол бүгінде тұтас бір елге жария етілуде. Мәселен, соңғы кезде теледидардан берілетін хабарлардың қай-қайсысын алсаңыз да, отбасылық мәселелерді көптің талқысына салып жатады. Көнекез қариялар отбасындағы кикілжіңнің табалдырықтан әрі аспауын үнемі еске салып отыратын. Ал, қазір ше?

Осы ретте бір әсерлі әңгіме есіме оралады. Бұрынырақта, бір патша өзінің екі



Қазіргі қоғамда ер мен әйелдің табиғат берген міндеті мен қызметі ауысып кеткендей көрінеді маған. Бұл жағдай күні бүгін орын алған да жоқ. Ол сонау ер мен әйелдің құқын теңестірген сәттен басталды. Кеңес заманында әйел аналарымыз шашын қиып, шалбар киюді үйренді. Одан кейін соғыс жылдарында ерлермен бірдей майдан даласына аттанды. «Мықтымын» деп өзіне сенген нәзікжандылар трактордың руліне отырды. Ал қазіргі XXI ғасырда мамандық түрлері тіпті ердің, әйелдің жұмысы деп бөлінбейтін болды. Темірден түйін түйетін дәнекерлеушіден бастап, ұшақтың тізгінін ерлерден кем түспей ұстап жүрген қыздарымыз және бар. Ал әйелдер жасайтын қызмет түрлерін ер адамдардың да ұрышқыша иіріп жүрген күнде көріп жүрміз. Бүгінде аспаз, шаштараз, бет әрлеуші, тіпті гинеколог, акушер мамандықтарында ер кісілердің болуын заңдылық деп санайтындай дәрежеге жеттік. Рас, қай салада болмасын, ең бірінші өз ісінің шебері бола білу керек. Алайда, біз табиғаттың заңдылығына қарсы шығып жатқанымызды біле бермейміз. Соның салдары үйдегі ер мен әйелдің қызметі мен міндетіне де кесірін тигізуде.

Жаратушы ер адамды отбасының асыраушысы, қорғаушысы етіп жаратса, ал әйел адамды дүниеге ұрпақ әкелу мен оның тәрбиесіне жауапты қылды. Отбасының берекесі мен ұйытқысы да – әйел. Бірақ, «ерлермен теңбіз» деген ұран әйелдерді табиғат берген нәзік болмысынан айыруда. Нар тұрғалы ерлердің иығын-уәзірін шақырып, екі елге жансыз етіп жіберіпті. Оларға барған елінің әйелдерін азғырып, сол елдің ішкі құпияларын білуді тапсырады. Екі ай уақыт өткенде бірінші уәзір тапсырманы қалтқысыз орындағанын айтып мақтанады. Ал екінші уәзір басын төмен салыратып, патшаға: «Кешіріңіз, мен сіздің айтқаныңызды орындай алмадым. Себебі ол елдің әйелдерін азғыру мүмкін емес екен. Барлығы бес уақыт намаз оқиды. Етегі ұзын көйлек киіп, бет-жүзін орнамалмен қымтап алған. Бөтен ер адамды көрсе, айналып өтеді» депті. Сонда патша: «екеуің де тапсырманы жоғары орындадыңдар. Бірінші уәзірдің барған мемлекетің мықты қиналмай жаулап аламыз, ал екінші уәзірдің барған еліне еш тиіспейміз», – депті. Себебін сұрағанда: «Әйелдерінің иманы мықты елдің іретасы мықты болады. Біз шабуыл жасап абырой таппаймыз. Соғыста жеңіліс табамыз» деген көрінеді.

Осы тәмсілден-ақ, жаратылысынан нәзік аруларымыздың бір отбасы ғана емес, тұтас мемлекеттің мықты болуына қаншалықты үлес қосатынын білуге болады. Біз табиғат берген асыл қасиеттерді өз орнымызбен қолданғанда ғана отбасында береке болады. Көп замандастарымыз осы бір қарапайым қағидамыз естен шығарып алады. Әйел – табиғаттың әлсіз жаратылысы екенін, ал ер адам сол жаратылыс екенін қорғаушы, асыраушы, арқасүйері екенін үнемі назарда ұстап, барлығы үйлесімділікпен өмір сүреді еді...

АЛТЫН ТІН



Тамыр бүлкіліндегі сарын

Домбыраның сазды әуені құлағына жеткен адамның жүрегі жылытыны, бойына шуақ құйылатыны нендей құдірет екен? Көш ішекте күмбірлеген қоңыр үн қазақтың қанына сіңгені туралы талай әңгіме естігеніміз, атақты жырау Алмас Алматыв жазған мына оқиға таңғалдырмай қоймайды.

– 2002 жылы АҚШ-тың Вашингтон штатындағы Смитсон университетінде өткен дүниежүзілік музыкалық-этнографиялық көрмеге бардық. Америкалықтар асырап алған қазақ баласы Ерик (Ерик) Сорано біздің шақырғанымызға келмеді. Сосын қолыма домбырамды алып шертіп-шертіп жібергенде табалдырықтың алдына барған бала құстай ұшып келіп, мойнымнан тастай қылып құшақтады. Жүрегі жүрегімің үстінен дүрсілдеп соққанда көзімнен еріксіз жас кетсе берді. Домбыраны қолына ұстатқанда біреу үйретіп қойғандай шерте бастады. Ата-анасы еріксіз басын шайқап, танданысын жасырмады. Елшіліктің азаматтарымен келісе отырып, америкалықтар асырап алған балаларды қонаққа шақырып, тұсауескер той жасадық. Шебер Балтабай Ыбырайұлы әр балаға қамшы сыйлады. Қимай қостастық, – деді ол.

Аударма мәселесі талқыланды

Аударма – тіл қолданысын кеңейтудің бір әдісі. Ғалымдар пікір осыған саяды. Облыстық ішкі саясат басқармасының ұйымдастыруымен өткен жиында аударма жасаудың негізгі мәселелері талқыланды. Сондай-ақ, қазақ тілі әліпбиін кириллшадан латын графикасына көшіру жайы да айтылды.

Шараға облыс әкімі аппаратының, басқармалардың, аумақтық департаменттер мен инспекциялардың, қалалық, аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімдерінің тілге жауапты мамандары, филолог-ғалымдар, тілдерді

оқыту орталығының оқытушылары қатысты. Семинарда облыстық тілдерді оқыту орталығының оқытушысы Б.Байділдаева «Аударма – тіл қолданысын кеңейтудің бір әдісі», орталықтың бөлім басшысы Ә.Бақытова «Жаңа емле: құрылым мен мазмұн», Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың аға оқытушысы, ф.ғ.к. Б.Боранбай «Қазіргі аудармалағы өзекті мәселелер» тақырыбында баяндама жасады. Семинарға қатысушылар аударма мәселелері және латын әліпбиіне қатысты ой-пікірлерін білдіріп, аударма саласын одан әрі жетілдіру бағытында ұсыныстар жасады. Шара соңында қатысушыларға сертификат табысталды.

«СБ» ақпарат.

ФУТБОЛ

«Ордабасымен» ойыннан олжалы оралды

Футболдан Қазақстан Премьер-лигасының 16-турында жанкүйердің демебесін қоздырған тартысты ойын болды. Шымкентте жергілікті «Ордабасымен» кездескен «Қайсар» бұл жолы алаң иелерінен басым түсіп, 1:2 есебімен жеңіске жетті.

Дәулет ҚЫРДАН.

Матч басталысымен «Ордабасы» ойыншылары шабуылға кірісті. Команданың бразилиялық легионер Жоау Пауло тепкен доп қақпа бағанасынан кері қайтты. «Қайсарлықтар» да қарап қалмады. Қарымта шабуылда Куле Мбомбо «Ордабасының» қақпасына бірінші жетіп, жеңіс голын салып кетті.

Ойынның екінші бөлігін «Қайсар» қарқынды бастады. Бірнеше шабуыл ұйымдастырылды. Ойын аяқталар тұста алаңға шыққан жас шабуылшы Өркен Махан төреші қосқан қосымша 6 минутта бұрыштамадан асқан допқа бірінші жетіп, жеңіс голын салып кетті.

Хабарландыру

«А.Токмағамбетов Жер» ЖШС 2019 жылдың 2 тамыз күні сағат 15.00-де серіктестік құрылтайшыларына жалпы жиыныс өткізілетінін хабарлайды. Мекен-жайы: Қызылорда облысы, Сырдария ауданы, А.Токмағамбетов ауылы, Абай көшесі №4.

Күн тәртібінде:
«ҚазАгроКаржы» АҚ арқылы шаруашылыққа қажетті ауыл-шаруашылық техникасын алу жайлы.

«А.Токмағамбетов Жер» ЖШС әкімшілігі.

Хабарландыру

Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 мекен-жайы бойынша орналасқан «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы тұтынушылар мен басқа да мүдделі тұлғалар алдында газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдау үшін реттеліп көрсетілетін қызметті ұсыну бойынша 2019 жылдың 1 жартыжылдығына арналған «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалының қызметі туралы есепті 2019 жылдың 26 шілдесінде жергілікті уақыт бойынша сағат 15.00-де Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 мекен-жайы бойынша «Фитергаз Орталық Азия» АҚ Қызылорда-МТҚБ әкімшілік ғимаратының 4-қабатындағы конференция залында өткізілетінін хабарлайды.

«ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы әкімшілігі.

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бағалау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» акционерлік қоғамының «ЖТ Қызылорда бөлімшесі» филиалы, Қызылорда локомотив пайдалану депосының басшылығы мен еңбек ұжымдары осы саланың құрметті ардагері, зейнеткер

Әнуар Төлегеновтің қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің ректораты мен ұжымы музыкалық білім және дәстүрлі музыка өнері кафедрасының ардагер ұстазы

Алпысбай Асқаровтың қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туған-туыстарына қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.